

2018 - 2019 жылдарға арналған Павлодар облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 395/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 желтоқсанда № 5755 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағы 20-5) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2018 - 2019 жылдарға арналған Павлодар облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Бегентаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

2017 жылғы "05" желтоқсан

Б. Бақауов

А. Мұхамедіұлы

Павлодар облысы
әкімдігінің 2017 жылғы
"7" желтоқсандағы
№ 395/6 қаулысымен
бекітілді

2018 - 2019 жылдарға арналған Павлодар облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Топтар атауы	Олимпиадалық емес спорт түрлерінің атауы	Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрлерінің атауы	Паралимпидалық спорт түрлерінің атауы	Ұлттық спорт түрлерінің атауы
1	2	3	4	5	6
"А" тобы	Джиу-джитсу Муайтай Пауэрлифтинг Спорттық акробатика Шахмат	Баскетбол Б о к с Велосипед спорты Волейбол Еркін күрес Д з ю д о Жеңіл атлетика Ж ү з у О қ а т у Көркем гимнастика	Биатлон Шаңғы жарысы Шайбалы хоккей	Жеңіл атлетика Шаңғы жарысы Үстел теннисі Пауэрлифтинг Ж ү з у О қ а т у Садақ ату	Көкпар Қазақ күресі Тоғызқұмалақ
"В" тобы	Армрестлинг Бодибилдинг Гір спорты Сурдо жүзу Президенттік көпсайыс С а м б о Спорттық би Таеквондо сурдо Таеквондо ITF Д о й б ы Сурдо дойбы	Гандбол Грек-рим күресі Үстел теннисі Спорттық гимнастика Таеквондо WTF Футбол	Коньки спорты Шорт-трек		Аударыспақ Құсбегілік (саятшылық) Тенге алу
"С" тобы	Автоспорт Бильярд спорты Белбеу күресі Каратэ кекушинкай Кикбоксинг Жағажай футболы Балық аулау спорты Спорттық бағдарлау Спорттық туризм	Академиялық есу Байдаркадамен каноэде есу Батутта және акробатикалық жолда секіру Р е г б и Құзға өрмелеу Стенд ату Садақ ату Теннис Триатлон Ауыр атлетика	Тау шаңғы спорты Мәнерлеп сырғанау Фристайл		Асық ату Б ә й г е Қыз қуу